

Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 тамыздағы N 820 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1311 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1311 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес және лицензиялау жүйесін оңтайландыру мен жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер - Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 9 тамыздағы
N 820 қаулысымен
бекітілген

Өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтердің тізбесі

Осы тізбеде "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 9-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес өнеркәсіп саласындағы лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызметтер белгіленген.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1. Электр станцияларын, электр тораптары мен қосалқы станцияларды жобалау және пайдалану

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Электр станцияларын, электр желілері мен қосалқы станцияларды (техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйінде ұстау, технологиялық жабдықтардың техникалық жай-күйін бақылау),
с о н ы н і ш і н д е :

1) агрегаттардың кез келген үлгілерімен органикалық отынмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларын;

2) су электр станцияларын;

3) дизельдік агрегатты электр станцияларын;

4) энергияның дәстүрлі емес (жел, күн, теңіздің қайтуы, жылудың жер асты және қайталама көздері) түрлерін пайдаланатын электр станцияларын;

5) электр тарату тораптарын, электр энергиясын берудің әуе, кәбілдік желілерін;

б) трансформаторлық қосалқы станцияларды, тарату қондырғыларын, релелік қорғаныш пен автоматиканы пайдалану.

2. Гидротехникалық құрылыстарды жобалау және пайдалану

3. Су электр станцияларының (бұдан әрі - СЭС) гидротехникалық құрылыстарын (техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйінде ұстау, техникалық жай-күйін бақылау), соның ішінде:

қысым бассейндерін, су қабылдау құрылыстарын, су қоймаларын, тұндырғыларды, су қысымын шектейтін бөгеттерді, бөгетшелерді, каналдарды, туннельдерді, дренаждық жүйелерді, күл қож үйінділері бөгетшелерін пайдалану.

3 . б ө л і м < * >

Ескерту. 3-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Жарылыс, өрт қаупі бар өнеркәсіптік өндірістерді жобалау және пайдалану

5. Технологиялық объектілерді, блоктарды, сатыларды, қоймаларды қоса алғанда, жарылыс, өрт қаупі бар өнеркәсіптік өндірістерді:

1) мұнай-газ өңдеу (мұнай өнімдері өндірісінен басқа, "Мұнай өнімдерін өндіру" 12-бөлімі) және мұнай-химия өнімдерін;

2) негізгі органикалық синтезді, каучукті, шиналық, резеңке-техникалық, тақтатас өңдеу өнеркәсібі мен техникалық көміртегін;

3) хлорды, хлорлы органикалық және органикалық емес өнімдерді және ағызу, құю, сақтау жөніндегі технологиялық процесті;

4) химиялық талшықтар, полимер материалдар мен пластмассаларды;
5) синтетикалық бояғыштарды, химикат-қоспалар мен басқа да жұқа органикалық синтез өнімдерін;

6) лак-бояу өнімдерін, скипидарды;

7) кино-, фотоматериалдар мен химиялық реактивтерді;

8) тұрмыстық химия өнімдерін;

9) азот және фосфор өнеркәсібін;

10) негізгі химия өнімдерін;

11) ауадан бөлінетін өнімдерді (оттегі, сутегі), хлорды, аммиакты алуды, өңдеуді, бөлуді, сақтау мен қолдануды;

12) суды электролиздеу әдісімен сутегі мен оттегін;

13) басқа да органикалық және органикалық емес өнімдерді және олардың қосындыларын (ағызуды, құюды, сақтауды қоса алғанда);

14) коксті, шойынды, болатты (болат пен темірді, люнкериттерді, түрлендіргіштер мен экзотермиялық қоспаларды, феррокорытпаларды, ыстық және суық илекті тікелей алуды қоса алғанда), құюды (өнеркәсіптің барлық салаларында);

15) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

16) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

17) құрамында мұнайы бар қалдықтарды өңдеу, газ тәріздес шығарындыларды кәдеге асыру мен өртеп жіберу;

18) жарылыс қаупі бар шаң-ауа қоспалары пайда болатын технологиялық процесті;

19) шикізатты, шала өнімдерді және дайын өнімдерді сақтау жөніндегі (қоймалар) өндірістерді пайдалану.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

5. Тау-кен өндірістерін жобалау және пайдалану, мұнай мен газға арналған бұрғылау жұмыстары

6. Пайдалы қазбаларды (көмір, рудалар, минералдар, жалпы таралған және басқа да пайдалы қазбалар) іздестіру, барлау және өндіру:

1) кен орнының геологиялық құрылымын, рудалық денелердің, кен-геологиялық және инженерлік-геологиялық жағдайлардың сипаттамасын; гидрогеологиялық сипаттамасын зерделеу;

2) сейсмикалық толқындарды қоздырудың жарылғыш және жарылғыш емес көздерін қолдана отырып, атқылау-жару жұмыстарын, геофизикалық және сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу;

3) алынған геофизикалық материалдарды пайымдау, руданың сапасын, карьер алаңының шекарасы мен қорларын зерделеу; шахталардың, кеніштердің,

разрездер мен карьерлердің қуаты мен жұмыс режимін анықтау;

4) аудару шаруашылығын қоса алғанда үстіңгі қабаттың технологиялық кешенін, жергілікті жобаларды, бас жоспарды әзірлеу; карьерлік көлік; карьер алаңын, жөндеу-қойма шаруашылығын, электр техникалық бөлікті және басқаларын құрғату;

5) техникалық-экономикалық бөлікті, техника қауіпсіздігін, өртке қарсы қорғануды, сметалық есепті әзірлеу.

7. Кен орнын өнеркәсіптік игеру:

1) көмір, руда, рудаға жатпайтын кен орындарын ашық және жер асты әдістерімен ашу және игеру;

2) тау-кен өндірістерінің үстіңгі және жер асты технологиялық кешендерінің жұмыс істеуіне байланысты жұмыс;

3) тау-кен-күрделі, тау-кен-дайындау жұмыстары, шахта оқпандарын бекіту мен армирлеу;

4) механикаландырылған бекітпені көтеру;

5) арнайы тау-кен қазбаларын (дренаждық барлау, желдету және т.б.) жүргізу ;

6) жер қойнауын пайдалану кезінде геологиялық-маркшейдерлік қызмет көрсету ;

7) экскаваторларды, өздігінен жүретін тиеу-жеткізу жабдықтарын, конвейерлік қондырғыларды, темір жол мен автомобиль көлігін пайдалана отырып, рудалар мен жыныстарды уату, тиеу және жеткізу;

8) кен қазбаларын бекітуге, желдетуге және құрғатуға байланысты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары;

9) кен қазбаларын бекіту жобалары мен бұрғылау-жару жұмыстары жобаларын әзірлеу, қайта қарау және бекіту;

10) рудалық атмосфераны желдету, бақылау, разрездегі және үйінділердегі эндогендік өрттің алдын алу мен оқшаулау;

11) орлар жүргізу, кен массаларын экскавациялау, ашық кен жұмыстарында және өнеркәсіп алаңдарын қорғандау;

12) топырақты тазалау, қабырға мен төбені шабақтау, көлік, сақтандыру бермдерін және карьердің кертпеш қиябеттерін тазарту;

13) ұңғымалар мен шпурларды бұрғылау, жару жұмыстарын дайындау және жүргізу; жару жұмыстарын механикаландыру;

14) бұрғылау жабдығын пайдалану;

15) дайындау, тілу, тазарту жұмыстары;

16) су төгу, құрғату, желдету; кен массасын тасымалдау;

17) кен жұмыстарын жүргізу нәтижесінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру ;

18) мыналардың: тау-кен өндірулерін су басудың, құрғақта және теңізде мұнайдың жайылуының, ұңғымалардың өздігінен төгілуінің, мұнай және газ шығарындыларының (бұрқаққа қарсы жұмыстарды қоспағанда) алдын алу және жою жөніндегі жұмыстар;

19) кен жұмыстары жөніндегі жергілікті және техникалық жобаларды әзірлеу, қайта қарау және бекіту;

20) көмірді үздіксіз жұмыс істейтін машиналармен қазып алу;

21) пайдалы қазбаларды экскаваторлармен, бульдозерлермен және тиегіштермен қазып алу; жыныстарды, рудалар мен көмірді темір жол көлігімен және басқа да көлікпен тасымалдау;

22) темір жол және автомобиль көлігімен қорғандау;

23) жалпы тараған пайдалы қазбаларды өндіру;

24) карьерлік автомобиль жолдарын ұстау;

25) рельстік буындарды және бағыттамалық бұрмаларды жинау, оларды кертпештерде, үйінділерде және темір жолдардың тұрақты учаскелеріне салу және қайта салу, темір жолдар мен бағыттамалық бұрмаларды жөндеу.

8. Залалды кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі тарату жұмыстары: оқпандарды жабу, тау-кен жабдықтарын бөлшектеу, далдаларды тұрғызу, ғимараттар мен құрылыстарды бөлшектеу, үстіңгі кешенді бөлшектеу, үстіңгі қабатты қалпына келтіру.

9. Мұнай мен газды іздестіру, барлау және өндіру:

1) бұрғылау, соның ішінде жүзбелі бұрғылау қондырғыларын, мұнай-газ кәсіпшілігі, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарды, сондай-ақ мұнай-газ теңіз гидротехникалық құрылыстары мен мұнай-газ кәсіпшілігі жабдықтарын пайдалану;

2) мұнай мен газ ұңғымаларын, соның ішінде теңізде және ішкі су айдындарында бұрғылау;

3) ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндеу; жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу; ұңғымалар көтергішін орнату;

4) ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; аспапты жинақтау;

5) мұнай мен газды өндіру кезінде (есірткі заттарындағы прекурсорлар мен улы заттарды қоспағанда) химиялық реагенттерді пайдалану;

6) ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру;

7) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

8) мұнай-газ кен орындарын қазуға жобалар мен технологиялық схемаларды жасау;

9) мұнай мен газ кен орындарын жобалау, жайластыру;

10) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

11) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

12) барлау және пайдалану ұңғымаларында жүргізілетін мұнай операцияларының сапасын бақылау;

13)-17) *алынып тасталды - 2005.12.13. N 1243 қаулысымен.*

18) мұнай-газ өндіру өнеркәсібінің объектілері үшін техникалық-технологиялық құжаттаманы әзірлеу;

19) жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесін жасау;

20) мұнай, газ, мұнай-газ конденсатын өндіру, ұңғымаларды консервациялау;

21) мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұңғымалардың өнімділігін көтеру.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

6. Магистральдық газ, мұнай өнімдері құбырларын жобалау және пайдалану

10. Сорғы-сығымдаушы станциялардың жабдықтарын, қондырғыларын, магистральды газ, мұнай өнімдерін өткізгіштердің резервуарлық парктері мен желілік бөліктерін, сондай-ақ газдың жер асты қоймаларының технологиялық жабдықтары мен ұңғымаларын пайдалану:

1) магистральдық құбыр өткізгіштеріне, негізгі және қосалқы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және оларды техникалық жөндеу, (пісірілген жіктердің, қосылыстар мен бекітпелердің техникалық жағдайының алдын алу, байқау, бақылау жай-күйі диагностикасы);

2) магистральдық құбыр өткізгіштердің сорғы-сығымдаушы станциялары мен желілік бөліктері жабдықтарының, соның ішінде су асты өткелдерінің диагностикасы;

3) тотығудан электр химиялық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету;

4) магистральдық газ, мұнай өнімдері құбырларын жобалау.

7 . б ө л і м < * >

Ескерту. 7-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8. Қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен өткізгіш құбырларын жобалау және пайдалану

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

12. Қысыммен жұмыс істейтін қазандықтар мен өткізгіш құбырларын жобалау, соның ішінде:

1) бу (бойлер-қазандар), кәдеге асыру қазандарын;

2) буды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді;

3) қысыммен жұмыс істейтін су жылытатын және бу мен су жылытатын

қ а з а н д а р д ы ;

4) жылжымалы және көлікпен алып жүруге болатын қондырғылар мен энергетикалық поезддардың қазандарын;

5) жоғары температурамен және органикалық жылу тасымалдағышпен жұмыс істейтін бу және сұйықтық қазандарды;

6) қысыммен жұмыс істейтін өткізгіш құбырларын.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

13. Бу қазандарын, жұмыс қысымы $0,7 \text{ кг/см}^2$ дербес буды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді су жылытатын қазандар мен температурасы 115°C -тен жоғары дербес экономайзерлерді және қысыммен жұмыс істейтін өткізгіш құбырларды пайдалану (техникалық қызмет көрсету мен ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйінде ұстап тұру, техникалық жай-күйін бақылау), соның ішінде:

1) бу (бойлер-казандар), кәдеге асыру қазандарын;

2) буды қайта жылытқыштар мен экономайзерлерді;

3) қысыммен жұмыс істейтін су жылытатын және су мен бу жылытатын қ а з а н д а р д ы ;

4) жылжымалы және көлікпен алып жүруге болатын қондырғылар мен энергетикалық поезддардың қазандарын;

5) жоғары температурамен және органикалық жылу тасымалдағышпен жұмыс істейтін бу мен сұйықтық қазандарын;

6) бу мен ыстық судың өткізгіш құбырларын;

7) отынды қазанға әкелуші өткізгіш құбырларын.

9. Көтергіш құрылғыларды жобалау және пайдалану

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

14. Көтергіш құрылыстарды жобалау және пайдалану (техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйде ұстау, техникалық жағдайын бақылау), соның ішінде:

1) барлық тұрпаттағы жүк көтергіш крандарды;

2) манипулятор-крандарды;

3) басқару кабинасымен бірлесіп жер үстіндегі рельс жолдарымен қозғалатын жүк таситын электр арбаларды;

4) тек арқанға асылған немесе электр магнитті ілгекпен жұмыс істеуге арналған экскаватор-крандарды;

5) тальдерді (электр немесе қол жетегі бар);

6) барлық тұрпаттағы шахталық көтергіш қондырғыларды (клетті, скипті,

бадьялы) және арналымдарды (адам, жүк, жүк-адам), барлық тұрпаттағы жүкшығырларын (өтімділік, монтаждық, иінтіректік);

7) ауыспалы жүк ұстау органдарын (жүк көтергіш электр магниттерінің ілгектері, грейферлері және т.с.с.);

8) алмалы-салмалы жүк ұстау тетіктерін (сым арқандары, ұстауыштар, траверстерді және т. с.с.);

9) алып жүретін сауыттарды;

10) электр және гидравликалық лифтілерді;

11) қабатаралық және тоннельдік эскалаторларды;

12) барлық түрлер мен типтік көлемдегі арқалық крандарды, тельефтерді.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

10. Қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен өткізгіш құбырларды жобалау және пайдалану

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

15. Қысыммен жұмыс істейтін сауыттар мен өткізгіш құбырларды жобалау, с о н ы ң і ш і н д е :

1) $0,7\text{кг/см}^2$ астам қысыммен жұмыс істейтін сауыттарды;

2) $0,7\text{кг/см}^2$ астам қысыммен сығымдалған, сұйытылған және ерітілген газдарды тасымалдау мен сақтауға арналған баллондарды;

3) температурасы 50°C болған кездегі қысымы $0,7\text{кг/см}^2$ асатын сұйытылған газдарды тасымалдау мен сақтауға арналған цистерналар мен б ө ш к е л е р д і ;

4) оларды босату үшін кезең-кезеңмен $0,7\text{кг/см}^2$ жоғары қысым құралатын сығылған, сұйытылған газдарды, сұйықтықтар мен сусымалы денелерді тасымалдауға және сақтауға арналған цистерналар мен сауыттарды;

5) 14 кВт және одан жоғары қуатпен орнатылған тұрақты, поршеньдік және айналмалы сығымдаушыларды;

б) мотор отыны ретінде көмірсутекті газды пайдаланатын автокөліктің газ баллондық аппаратурасын;

7) қысыммен жұмыс істейтін өткізгіш құбырларын;

8) бекітпе-реттеуші аппаратураны және сақтандыратын қондырғыларды, тікелей және жанама әрекеттегі газ қысымдарын реттеуіштерді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

16. Пайдалану (техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу, алдын алу, жұмысқа дайын күйінде ұстау, технологиялық жабдықтың техникалық

жай-күйін бақылау, қызмет көрсету, авариялық жағдайларды оқшаулау және жою, газды қабылдау, құю, төгу, сақтау және босату):

- 1) оттегі станцияларын;
- 2) газ толтыру станцияларын (бұдан әрі - ГТС);
- 3) газ толтыру пункттерін (бұдан әрі - ГТП);
- 4) баллондардың аралық қоймаларын (бұдан әрі - БАҚ);
- 5) жылжымалы автоцистерналарды, автомобильге газ толтыру станцияларын (бұдан әрі - АГТС) және автогазқую станцияларын (бұдан әрі - АЗҚС);
- 6) қысыммен жұмыс істейтін өткізгіш құбырларын (технологиялық).

1 1 . б ө л і м < * >

Ескерту. 11-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1 2 . б ө л і м < * >

Ескерту. 12-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1 3 . б ө л і м < * >

Ескерту. 13-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.13. N 1243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.